

Әлем мұхиты шельфі ауданының 22%-ы Ресей мемлекетіне тиесілі, оның ішінде 80-90% көмірсутекті өндіруге болашағы жоғары деп есептеледі, отын-энергетикалық ресурстар қорының 85% арктикалық теңіздер шельфіне, 12-14% Қиыр Шығыс теңіз шельфіне, ал қалғандары Каспий, Азов және Балтық теңіздеріне сай келеді.

Көмірсутектер қоры бойынша ең перспективалы болып келетін Батыс Арктика, оның ішінде Баремский, Қызыл және Печорский теңіздері. Соңғы жылдары осы жерде 10 мұнай-газ кен орындары және 2 газконденсатты кен орындары ашылып, осылардың ішінде 4-і жалпы қоры бойынша ең ірі алып болып саналады: Штокмандық – газконденсатты, Ленинградтық, Русандық – газды және Приразламдық – мұнайлы кен орындары. Мұнайдың әлемдік қоры шамамен алғанда 90 млрд. тоннаға бағаланады. Мұнайдың ең көп қоры Сауд Арабиясында, Кувейт, Иран, Ирак, АҚШ және Біріккен Араб Әмірлігі елдерінде. Ресейде ең алғаш рет мұнайдың қоры Кавказда, одан кейін Повольжье, Батыс Сібір, Темано-Печор провинциясында, Сахалинде өндіріле басталды. Қазіргі кезде кезек Шығыс Сібірге және континентальды шельфке келді.

XX ғ. 40-ы жылдары Каспий теңізінің шельфінде мұнай мен газды өндіру жасанды аралдар арқылы басталса, одан кейін 0.2-ден 2.9 м-ге дейін теңіз тереңдігінде мұнай өндіруді қамтамасыз ететін метал эстакадалары қолданыла басталды. Каспий теңізінде Нефтяные Камни атты бұрғылаушылар және мұнай газ өндірушілер қалашығы құрылды.

Жалпы әлем балансында мұнай мен газды мелінше кең көлемде өндіру XX ғ. 60-шы жылдарынан бастап игеріле бастады. Қазіргі кезде теңізде мұнай өндіру қарқыны құрлықта мұнай өндіру динамикасынан 5 есеге артты (1.2 - кесте).

### 1.2 – кесте. Теңізде мұнай өндірудің әлемдік балансы

| Өндіру бөлігі | 1960 ж. | 1970 ж. | 1976 ж. | 1980 ж. | 1985 ж. | 1995 ж. | 2005 ж. | 2020 ж (болжам) |
|---------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|-----------------|
| %             | 8       | 16      | 16,5    | 22,9    | 30      | 28      | 40      | 65              |
| млн. т.       | -       | 373     | 469     | 683     | 750     | 700     | 1000    | *               |

Мұнай мен газдың басты мол ресурстары сонымен қатар Атлант және Үнді мұхиттарында да орналасқан. 70-і жылдардың басында теңіз және мұхитта мұнай және газ өндірумен 21 мемлекет айналысып, геофизикалық және бұрғылау жұмыстарды 46 мемлекет жүзеге асырып, оған тағы да 5 мемлекет қосылса, 80-і жылдардан басында континентальды шельфті меңгеруге 100 ел қатысып, оның ішінде теңіз мұнай-газ кен орындарды игеруді 37-сі жүргізді. Теңіз кен орындарын іздеу-барлау және оларды игерумен 90-шы жылдарда 136 компания және 118 мемлекеттің фирмалары айналысты. Осы жылдары Әлем мұхитының континенталды шельфінде мұнай-газ өндіру жылына 900 млн.т., (1 тонна мұнайға 1200 м<sup>3</sup> газ тең) жетіп, әлемде мұнай өндірудің 35%-ын құрады.